

## БӨЛІМ: ЖАЛПЫ РУБРИКА

**1001мақал, 101 жұмбақ**ЖАРИЯЛАНДЫ  
18.02.2020СІЛТЕМЕ  
<https://bilimger.kz/51728/>

## АННОТАЦИЯ / АҢДАТПА

Тақырыбы: «1001 мақал, 101 жұмбақ»

Мақсаты:

Сөз қадірін бәрінен биік қоятын қазақ халқының асыл сөздерін жанымызға рухани азық ретінде сіңіру. Халық ауыз әдебиетін құрметтеп оны әр кез орынды қолдана отырып, халық мәдениетін дамытуға үлес қосу.

Сабақтың түрі: сайыс

*Көрнекілік құралдар:* нақыл сөздер, слайд, житондар, жұмбақтар мен мақал мәтелдер

Барысы:

Жүргізуші: Сәлеметсіңдер ме? Құрметті ұстаздар!

Мақал-мәтелдер – ғасырлар шежіресі, онда халық тарихы, оның тіршілігі, ақыл

өнегесі мол көрініс тапқан. Мақал-мәтелдер ой дәлдігімен, тереңдігімен, ықшамдығымен ерекшеленеді. Жұмбақтар да – ауыз әдебиетінің ертеден келе жатқан түрі. Жалпы алғанда, жұмбақ адамның дүниетану жолындағы ойының, қиялының шамасын білдіреді.

Ендеше, «101 жұмбақ, 1001 мақал» сайысын ашық деп жариялаймын.

Ортаға сайысқа қатысушы топтарды шақырайық (сайыскерлер ортаға шығады). Ойын шарты: Ойынға қатысушыларды үш топқа бөлеміз

Сонымен бірге осы топтарға жанкүйерлер анықтаймыз. (берілген сұрақтарға мақал арқылы жауап айту)

1)Жылан інінен қалай шығады? (Жылы-жылы сөйлесең жылан інінен шығады.)

- 2) Қар жана ма? (Қалауын тапса қар жанар).
- 3) Инемең құдық қазуға бола ма? (Оқу инемең құдық қазғандай).
- 4) Аппақ қарға бола ма? ( Қарға баласын «аппағым» дейді).
- 5) Не қорқақ не батыр? ( Көз – қорқақ, қол – батыр).
- 6) Ең тәтті не? (Ананың сүті тәтті, баланың тілі тәтті).
- 7) Тауық түс көре ме? ( Тауықтың түсіне тары кіреді).
- 8) Кімнен кім жаман? (Олақтан салақ жаман).
- 9) Қалай тоқ жүруге болады? (тек жүрсең тоқ жүресің)

Жүргізуші: Ендігі сәтте бүгінгі сайысымыздың шарттарымен таныстырып өтейік:

Сайыс кезеңдері:

«Сөздің көркі — мақал»

( Мақалдың бірінші жолы айтылады, қатысушылар жалғасын табады. Дұрыс жауапқа 1 ұпай беріледі.)

«Тапқыр болсаң, тауып көр»

(Қатысушыларға жұмбақ жасырылады. Жұмбақтың шешуін тауып, сол сөзді қатыстырып мақал – мәтел айтады.)

Сөз жауһары

(Бір топ мақал бастап айтады. Келесі топ айтылған мақал ішінен бір сөзіне кірістіріп басқа мақал айтады.)

Смайликтер сөйлейді

(Смайликтер арқылы жасырынған мақалдарды 3 минут ішінде жаз)

Үй тапсырмасы

(3 мақал мен 3 жұмбақ дайындап келу)

**I кезең: «Сөздің көркі мақал»**

Ақылдыға жан қымбат,  
Ақылсызға мал қымбат.

Ұстаның бізі сүйкімді  
Жақсының сөзі сүйкімді

Ауру қалса да, ... әдет қалмайды.

Адассаң , елмен адас

Қырық кісі бір жақ  
Қыңыр кісі бір жақ

Ел жағасыз болмас  
Тон жағасыз болмас

Ананың ізін қыз басар  
Атаның ізін ұл басар

Жақсы байқап сөйлер  
Жаман шайқап сөйлер

Сыртқа жаудан ішкі жау жаман

Егіннің жайын еккен білер

Арбаның жайын жеккен білер

Саусақ біріпей, ине ілікпейді.

Ит семірсе, иесін қабар

Жылай-жылай арық қазсаң

Күле-күле су ішерсің

Сайына қарай саласы

Әкесіне қарай баласы

Еңбек қылмай ер оңбас

Бірлік қылмай ел оңбас

## II кезең: «Тапқыр болсаң, тауып көр»

Тілден ұшып, құлаққа қонады. (сөз)  
жіп)

Бір тышқанда екі құйрық (ине)

Ақ дуалдың ар жағында қызыл ат

Су астында ірімейді

|  |                                |
|--|--------------------------------|
| Байлауынан бір босамас қызық ат (тіл)  | жер астында шірімейді ( алтын) |
| Таудан биік, теңізден терең (ақыл)     | Жүрген жерін жалмайды          |
| Тілінен жалын тарайды (от)             |                                |
| Болсын мейлі қай жақтан                |                                |
| Алыс-жқын аймақтан                     | Ұшқаны қызық жалпылдап         |
| Сағыныш алып ұшамын                    | Өзі сондай қарқылдақ (қарға)   |
| Достарды барып құшамын (хат)           |                                |
| Қолыңмен тиме, үсті толған ине (кірпі) |                                |
| Доп-домалақ іші қуыс пәле,             |                                |
| Қайта-қайта семіруде, әне (доп)        | Қанаты бар ұшпайды             |
| Жұрт айламен ұстайды (балық)           |                                |

### III кезең: Сөз жауһары

|                                |                            |
|--------------------------------|----------------------------|
| Қорыққан мен қуанған бірдей    | Біріккен жүз               |
| Бытыраған мыңды алады          |                            |
| Жаздың бір күні                |                            |
| Қыстың мың күнін асырайды      | Тату үйдің тамағы тәтті    |
| Қалған көңіл-шыққан жан        | Жоқты бар десең- құт болар |
| Барды жоқ десең жұт болар      |                            |
| Алдыңа келсе атаңның құнын кеш |                            |
| Жан қиналмай                   |                            |
| Бал тамған тілден у да тамар   | Жұмыс бітпес               |
| Талап қылмай                   |                            |
| Айырылғанды аю асырайды        | Мұратқа жетпес             |

Бөлінгенді бөрі асырайды.

### **IY кезең: Смайликтер сөйлейді**

(3 топқа 3 минут уақыт беріледі. Сол 3 минут ішінде бірнеше смайликтер арқылы жасырынған мақалды табады)

### **Y кезең: Үй тапсырмасы**

(3 топ үден дайындап елген 3 мақалдары мен 3 жұмбақтарын оқиды)

*Қорытынды.* Мақал-мәтел, жұмбақтар-ұрпақтан ұрпаққа көшетін тарихи қалыптасқан әлеуметтік нормалар, қоғамдық әлеуметтік дүние, ол қоғамдық ұйымдар мен халықтың мінез-құлқы және іс-әрекеттің рухани негізі. Қазақтың өмір салты мен сыйластығы өте зор. Біз де осындай сыйластықпен бүгінгі ойынымызды аяқтаймыз.

Кері байланыс: Смс

**ҚМ АА** Куәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.